

"Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне инвестициялық қызмет мәселелері бойынша толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 1 наурыздағы N 252 қаулысы

Ескерту. Заң жобасы Қазақстан Республикасының Парламентінен қайтарып алынсын - ҚР Үкіметінің 2004.06.14. N 645 қаулысымен .

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне инвестициялық қызмет мәселелері бойынша толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының Заңы Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне инвестициялық қызмет мәселелері бойынша толықтырулар енгізу туралы

1-бап. Кейбір заң актілерге мынадай толықтырулар енгізілсін:

1. "Қазақстан Республикасындағы инвестициялық қорлар туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 6 наурыздағы (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 5, 57-құжат; N 13-14, 205-құжат; 1998 ж., N 17-18, 224-құжат; 2003 ж., N 11, 56 - құжат) :

кіріспенің бірінші бөлігінде "Осы Заң" деген сөздерден кейін "Қазақстан Республикасының заңнамалық актісінде анықталатын ерекше құқықтық мәртебесі бар Қазақстанның инвестициялық қорын қоспағанда," деген сөздермен толықтырылсын.

2. "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 мамырдағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., N 9, 95 - құжат) :

кіріспе мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Осы Заңның күші қазіргі заманғы және озық технологияларды пайдалана отырып шикізат пен материалдарды терең өңдеуді жүргізетін, бәсекелестік қабілетті және пайдалы өнімдер шығаратын, сондай-ақ өнеркәсіптің перспективалық кәсіпорындарына өндірістік қызмет көрсететін қайта құрылған, сондай-ақ жұмыс істеп отырған кәсіпорындардың жарғылық капиталына инвестицияларды жүзеге асыруға байланысты Қазақстанның инвестициялық қорының қызметіне қолданылмайды."

2-бап. Осы Заң ресми түрде жарияланған күнінен қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ